



Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 мамырда № 22870 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

Н. Ногаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрия және

инфрақұрылымдық даму

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13468 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және және атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау тәртібін айқындайды.

2. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персонал Заңның 21-бабының 1-тармағына сәйкес оның біліктілігі мен кәсіптік даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкестігін айқындау тұрғысынан аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттауды атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Шетелдік адамдар (резидент еместер) осы Қағидаларға сәйкес жалпы негізде аттестаттаудан өтеді.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Көрсетілетін қызметті беруші:

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде қондырғыны тікелей басқару, ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету лауазымдық міндеттеріне кіретін мамандарды;

2) ядролық материалдарды, иондандырушы сәуле шығару көздерін, радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау, ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді бақылау лауазымдық міндеттеріне кіретін ядролық қондырғының персоналын;

3) радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау лауазымдық міндеттеріне кіретін радиациялық, электрфизикалық қондырғы персоналын аттестаттауды өткізеді.

Заңның 21-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген персоналды атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар – жұмыс берушілер аттестаттайды.";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) бастапқы аттестаттау;
- 2) мерзімді аттестаттау;
- 3) кезектен тыс аттестаттау;
- 4) қайта аттестаттау.

4. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды бастапқы аттестаттау жұмыскер лауазымға тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды мерзімді аттестаттау үш жылда бір рет өткізіледі.

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды кезектен тыс аттестаттау мынадай жағдайларда:

1) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде оқыс оқиғалар туындағанда – олардың туындауына жол берген адамдарға қатысты;

2) уәкілетті органның тексерулері нәтижесінде анықталған, ядролық және (немесе) радиациялық, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік талаптары, ядролық материалдарды, иондандырушы сәуле шығару көздерін есепке алу талаптары бұзылғанда – бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты;

3) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша тағайындалады.

Қайта аттестаттау бастапқы немесе мерзімдік немесе кезектен тыс аттестаттау қорытындылары бойынша теріс нәтиже алған жағдайда тағайындалады.

Бастапқы немесе мерзімдік немесе кезектен тыс аттестаттаудың нәтижелері бойынша теріс нәтиже алған жеке тұлғалар осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген бір реттен артық емес және бір айдан кешіктірмей қайта аттестаттауға жіберіледі.

Заңның 21-бабының 6-тармағына сәйкес, егер жұмыскер бастапқы немесе мерзімдік немесе кезектен тыс аттестаттау нәтижелері бойынша теріс нәтиже алған жағдайда, жұмыскер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қайта аттестаттау нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан шеттетіледі.";

7 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аттестаттау тестілеу және әңгімелесу арқылы өткізіледі.

Әңгімелесу ядролық немесе радиациялық қондырғының бірінші басшысы, оның өндіріс (өндірістік және техникалық мәселелер) жөніндегі орынбасары, ядролық немесе радиациялық қондырғының бас инженері, ядролық және/немесе радиациялық қауіпсіздік қызметінің (департаментінің, бөлімінің, басқармасының) басшысы үшін, радиациялық қауіпсіздік бойынша бақылауға жауапты адам үшін жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 18-1 тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Осы Қағидалардың 2-1 тармағының үшінші бөлігінде көзделген атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау үш жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Жұмысқа қабылданған адамдар лауазымға тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмыс беруші ұйымдастыратын аттестаттаудан өтеді. Ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша аттестаттаудан өтпеген жұмыскерлер жұмысқа жіберілмейді.

Осы Қағидалардың 2-1 тармағының үшінші бөлігінде көзделген атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттауды жұмыс берушінің бұйрығымен құрылатын, саны үш адамнан кем емес емтихан комиссиясы өткізеді және комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұрады.

Емтихан комиссиясының жұмыс істеуі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Емтихан комиссиясының жұмыс регламенті жұмыс берушінің актісімен белгіленеді .";

1-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20323 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 9) және 10) тармақшалары алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды адамға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша не бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.;"

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.";

3-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша не бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.":

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.":

2-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша не бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.";

2-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның

атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша немесе бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.":

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.":

3-қосымша осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"7. Лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар пакетін және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен жағдайда, лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің ішінде, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-мен қолы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде бастапқы тексеру туралы қорытындыны қоса бере отырып, құжаттар пакетін "құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығарудың генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу", "аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау", "өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің бар болуын анықтау, радон және басқа да радиоактивті газдардың шоғырлануын өлшеу" және "персоналды дозиметрлік жеке бақылау" қызметтің кіші түрлері бойынша рұқсат беру бақылауын жүргізу және лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу үшін ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына жібереді.";

мынадай мазмұндағы 7-1 тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін және "ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау" қызметінің кіші түрі бойынша лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу үшін бастапқы тексеру туралы қорытындыны қоса бере отырып, құжаттар пакетін ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына және ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасына жібереді.

"Иондаушы сәуле шығару көздерінің, сондай-ақ осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау" және "ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызметінің кіші түрі бойынша рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін және мемлекеттік лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу үшін бастапқы тексеру туралы қорытындыны қоса бере отырып, құжаттар пакетін өзінде қалдырады.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының және (немесе) лицензиялау және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасының жұмыскерлері құжаттар пакеті және (немесе) мәліметтер келіп түскен сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік лицензияны берудің ерекше шарттарын және көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік талаптары) Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының және (немесе) лицензиялау басқармасының және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасының жұмыскерлері және көрсетілетін қызметті алушы қол қойған қорытындыны дайындайды.

9. Лицензиялау басқармасының жұмыскері 3 (үш) жұмыс күні ішінде ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы және (немесе) лицензиялау басқармасы және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасы жұмыскерлерінің қорытындысын қарайды, осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік лицензияны және (немесе) мемлекеттік лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) немесе осы Қағидалардың 14 және 16-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік лицензия және (немесе) мемлекеттік лицензияға қосымша немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-мен қолы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау

және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша немесе бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.":

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.";

3-қосымша осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша немесе бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы

шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.";

3-қосымша осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотопты көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша немесе бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.":

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.";

3-қосымша осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар нәтижесінде ластанған басқа да аумақтардағы қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

20. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Шағым беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жазбаша немесе бейнеөтініш арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген) Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларында айқындалған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 21 және 22-тармақтармен толықтырылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.";

3-қосымша осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 13 қарашадағы
№ 122 бұйрығымен бекітілген

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

1-тарау. Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1.	мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажет меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі өндірістік-техникалық база	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын осы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, арнайы үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты. Көрсетілген өндірістік-техникалық базаның бар болуы лицензиардың Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодексі) сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жолымен белгіленеді
2.	тиісті білімі, даярлығы, жұмыс тәжірибесі бар және мәлімделген қызметтің түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандардың біліктілік құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын осы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	мамандардың біліктілік құрамының (тиісті білімін, даярлығын, жұмыс тәжірибесін және мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілгенін растайтын құжаттардың түпнұсқалары) бар болуы лицензиардың Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жолымен белгіленеді
		мынадай рұқсат етілген жұмыстармен осы біліктілік талаптары және	

